

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ
«Ы.ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КҮРІШ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ» ЖШС

**«ҚЫЗЫЛОРДА АЙМАҒЫНДАҒЫ КӨЛДЕРДЕ
ТАУАРЛЫ БАЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ӨСІРУ, АУЛАУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

*Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш
шаруашылығы ҒЗИ
Басқарма төрағасы*

*Лектор – Ветеринария ғылымдарының
кандидаты*



С.Т.Тәуіпбаев

С.А.Кенжебаев

Қызылорда қаласы, 2025 ж

Сыр бойындағы сулы байлық: балық шаруашылығының өркендеу келбеті

Сырдария – өмір нәрі. Оның Қызылорда облысы аумағымен ағатын тұсы 250 мың шаршы шақырымды құрап, осы өңірдің тіршілік көзінің қайнар көзіне айналып отыр. Өзен бойында орналасқан «Қызылорда», «Айтек», «Қазалы» сынды су реттегіш құрылыстары облыс аумағындағы Шиелі, Шіркейлі, Қуандария, Іңкәрдария және Қараөзек арналарына тіршілік суын бағыттап, халық тұтынатын 19,9 миллион текше метр суды егістік, жайылымдық және шабындық алқаптарға жеткізіп отыр. Сонымен қатар, бұл су 207 көлге таратылады, олардың 179-ында бүгінде тауарлы балық өсіріліп, жүйелі түрде аулануда.

2024 жылы Арал-Сырдария су бассейнінде тіркелген балық аулау көлемі 5750 тоннаға жетті. Ауланған түрлер қатарында сазан, ақ амур, дөңмандай, ақжелкен, қияз, торта, шортан, жайын және жыланбалық сынды балықтар бар. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 9 пайызға артқан. Ауланған балықтар Қызылорда облысындағы қуаттылығы жылына 70 тоннаға дейін жететін 9 балық өңдеу зауыттарында қайта өңделеді. Соның ішінде төртеуінде Еуропалық стандарттарға сай өнім шығару үшін қажетті Еурокод құжаттары алынған. Бұл зауыттарда терең өңделген балық өнімдері дайындалып, шетел нарығына жол тартуда.

2024 жылдың өзінде ғана Қызылорданың балықшылары Ресейге – 27,3 тонна, Литваға – 32,2 тонна, Польшаға – 16,2 тонна, Нидерландыға – 31,1 тонна, Германияға – 220 тонна, Украинаға – 20 тонна, Қырғызстанға – 2 тонна, Әзірбайжанға – 20 тонна өнім экспорттап, жалпы 1 миллион 270 мың АҚШ долларына жуық пайда тапқан.

Бүгінде мемлекет тарапынан өңірде балық шаруашылығын өркендетуге ерекше көңіл бөлінуде. Жалпы құны 6 миллиард теңге болатын 9 инвестициялық жобаға қаржы бөлінсе, қуаттылығы 7000 тоннаға дейін жететін жаңа зауыттың құрылысына 900 миллион теңге қарастырылған. Бұл жобаны жүзеге асырушы – «Арал СДО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

2021–2030 жылдарға арналған кешенді бағдарлама аясында Қызылорда облысының балық шаруашылығын дамытуға 30 миллиард 600 миллион теңге бөлініп, 5123 қосымша жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Өзен мен көлдерді паспорттауға 2,5 миллион теңге қарастырылса, 19 жобаға тікелей қаржыландыру жүргізілуде. Мәселен, «Ислам» шаруа қожалығына – 4,2 миллион, ал «Ғабит» шаруа қожалығына – 8,4 миллион теңге көлемінде қолдау көрсетілуде.

Облыста тоған шаруашылығы да жедел дамып келеді. Мысалы, «Игілікөв» шаруа қожалығы жыл сайын 2 мың тонна балық аулау мақсатында көлдерге 6 миллионға жуық бағалы шабақ жіберуде. Ал «Қамыстыбас» балық питомнигі жылына 15 миллион шабақты өсіріп, оларды табиғи су айдындарына таратуда.

Су ресурстарын тиімді пайдалану мен экологиялық тепе-теңдікті сақтау мақсатында Арал-Сырдария бассейніндегі су көлемі реттеліп,

солтүстік Аралдың су қоры көбейіп келеді. Бұл өз кезегінде судың тұздылығының 9,3–10,1 пайызға дейін төмендеуіне әкеліп, тұщы су айдындарындағы балық популяциясы 12,8 пайызға артты. Сондай-ақ, өзен-көлдердегі жалпы балық қоры 9,2 пайызға өсті.

Балық азығы – таза табиғаттан

Балықтың уылдырықтан шабаққа, ал шабақтан толыққанды балыққа дейінгі даму кезеңі ең алдымен су сапасына, оның биологиялық-химиялық құрамына және экологиялық тазалығына тікелей байланысты. Су түбінде тіршілік ететін планктондар, омыртқасыз жәндіктер, буынаяқтылар мен су балдырлары – балық үшін басты қорек көзі.

Ал тоған шаруашылықтарында балықтар ақуызға бай, дәрумендермен күшейтілген премикстермен қоректендіріледі. Бұл жерде балықтың түрі, салмағы, өсу қарқыны ескеріліп, ғылыми негізделген азықтандыру әдістері қолданылады.

Су қоймаларының экологиясы мен балық қорын сақтау үшін жауапты қызметтер мен қоғамдық ұйымдар тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқаруда. 2024 жылы облыс бойынша 157 өзен-көлдерден 500 маман 44 тонна қоқыс жинап шығарса, күріш алқаптарынан 8,9 миллион шабақ құтқарылып, табиғи суларға жіберілді.

Заңсыздықпен күрес – ортақ міндет

Дегенмен, өңірде заңсыз балық аулау фактілері әлі де тіркелуде. Соңғы жылдың өзінде 32 инспектор 214 браконьерді ұстады. Тәртіп бұзушылардан ау құралдары мен қайықтар тәркіленіп, әрқайсысына 10 айлық есептік көрсеткіш (МРП) мөлшерінде айыппұл салынды. 52 іс сотқа жолданды.

«Қамбаш» – туристік әлеуеті жоғары көл

Қамбаш көлі – тек балық шаруашылығы емес, сонымен қатар туризм саласына да үлкен үлес қосып отырған табиғи мекен. Оның жағалауында демалыс орындары көптеп салынып, шетелден келген қонақтар мен еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған меймандар үшін әуесқой балық аулау ұйымдастырылуда. Бұл тек көңіл көтеру емес, сонымен бірге балық шаруашылығын насихаттаудың, өңірдің экологиялық әлеуетін көрсетудің бір жолы.